

Ауданның елді мекендеріндегі аймақтардың шекаралары мен жер телімдері үшін ақы төлеудің базалық ставкаларына қолданылатын түзету коэффициенттерін бекіту туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара аудандық мәслихатының 2010 жылғы 28 қазандағы N 37-281-IV шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Шардара ауданының Әділет басқармасында 2010 жылғы 3 желтоқсанда N 14-15-105 тіркелді. Күші жойылды - Шардара аудандық мәслихатының 2012 жылғы 24 ақпандағы N 2-11-V Шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шардара аудандық мәслихатының 2012.02.24 N 2-11-V Шешімімен.

Қазақстан Республикасының Жер Кодексінің 11-бабының 1-тармағына және " Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6 бабының 1-тармағы 15-тармақшасына, Шардара ауданы әкімдігінің "Ауданның елді мекендеріндегі аймақтардың шекаралары мен жер телімдері үшін ақы төлеудің базалық ставкаларына қолданылатын түзету коэффициенттерін белгілеу туралы" 2010 жылғы 26 шілдедегі № 473 қаулысына сәйкес, аудандық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ** :

1. Шардара ауданы көлеміндегі елді мекендердің түзету коэффициенттері және аймақтардың шекаралары төмендегідей аймақтарға бөлінеді:

1) Шардара қаласы бойынша:

1-ші аймаққа - орталық базар аумағы. Төле би көшесінің сол жаққа бұрылысындағы аялдамаға, Н.Төреқұлов көшесінің орталық базарға кіре берісіндегі қақпаға дейінгі, саз мектебі мен шекаралас аумақтары қоса енгізіле отырып, түзету коэффициенті – 1,0 болып;

2-ші аймаққа - кіші автобекет аумағы. Төле би көшесінің Шардара су бөгетіне дейінгі, көшенің екі жақ беті, осы аумақ кіші автобекет аумағына барып тірелгенге дейінгі, аймақтың түзету коэффициенті – 0,75 болып;

3-ші аймаққа - қала аумағындағы қалған аймақтар енгізіліп, түзету коэффициенті – 0,5 болып бекітілсін.

2. Аудан көлеміндегі ауылдық округтері елді-мекендерінің түзету коэффициенті – 0,6 болып бекітілсін.

3. «Шардара ауданының елді мекендеріндегі аймақтардың шекаралары мен түзету коэффициенттерін бекіту туралы» Шардара аудандық мәслихатының 2004

жылғы 7 сәуірдегі № 5-26-III шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 1265 тіркелген, 2004 жылғы 2 шілдеде аудандық «Өскен өңір» газетінде жарияланған) күші жойылсын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрағасы

Т.Ағманұлы

Аудандық мәслихат хатшысы

Т.Бердібеков

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК